

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Негізгі және туынды зат есім

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.05.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/73837/>

Пән : қазақ тілі	Мектеп:128	
Күні: 27.03.2020жыл	Мұғалімнің аты жөні:	Аханова Роза Жумабековна
Сынып: 3 «Ә» сынып	Қатысқандар 21	Қатыспағандар
Ортақ бөлім: Сабақтың тақырыбы:	Өнер Негізгі және туынды зат есім	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті анықтау 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру;	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар жасай алады: • Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіре отырып,негізгі және туынды зат есімді анықтай алады. Оқушылардың көбі жасай алады: • Диалогқа қатысады,мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіре алады.	
Бағалау критерийлері	1.Мәтін мазмұны бойынша диалог құрастырып,өз көзқарасын білдіре отырып,кесте фотосурет арқылы нұсқаулық құрастыра алады. 2.Негізгі және туынды зат есім,сын есім ,етістіктерді анықтай алады. 3.Мәтіндегі туынды сөздерді таба алады және сөз құрамында талдай алады.	
Тілдік мақсат	Термин сөздер: түбір,жұрнақ,жалғау.	
Құндылықтарды дарыту	<input type="text" value="Өнер алды-қызыл тіл."/>	
Пәнаралық байланыстар	Көркем еңбек, әдебиет,математика.	
АКТ қолдану дағдылары	Интерактивті тақта, плакаттар	
Бастапқы білім	Негізгі және туынды зат есімді ажырата алады .	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Психологиялық ахуал. Лубер шеңбері әдісі (балаларға нұсқаулық беремін, сол нұсқауды ым-ишара арқылы жеткізеді) -Менің досым қайда екен? -Кешірсің көрмедің бе ?Сен оны? -Досың қандай елі? -Оның шашы қара,өзі сұлу,Үстінде әдемі ақ жейдесі бар. -А-а-а таптым , таптым.Міне менің досым. -Сәлем досым,кел амандасайық. Бірлескен оқу әдісі (сабақтың тақырыбына байланыстырып, 3 бірлескен оқу ортасын құрып аламын.) 1-зат есім 2-негізгі зат есім 3-туынды зат есім «Оқулыққа саяхат » әдісі Ы.Алтынсарин туралы мәлімет беру. «Киіз үй мен ағаш үй» мәтінін оқу Ертеде екі адам дос болыпты.Біреуі — орыс,екіншісі қазақ екен .Екеуі қазақтарға киіз үй,орыстарға ағаш үй жасап көп табыс тауып жүреді. Күндердің күнінде екеуі ұрысып қалыпты. Біреуі киіз үйді,біреуі ағаш үйді мақтаумен бір шншімге келе алмай,әділ қазыға жүгініпті. Әділ қазы: -Екеуіңдікі де дұрыс.Киіз үй көшіп-қонып жүруге қолайлы.Ал қыста жұмыс адамына тынығу үшін,түнге қарай жылы ағаш үй керек.Сол үшін,қазақ,сен бір киіз үй,ал орыс,сен бір ағаш үй жасап ал.Бірақ екеуің де үйді бірігіп салғандарың жөн.Сонда қыс түскенде ағаш үйде,жаз шыққанда киіз үйде тұра бересіңдер ,-депті. Әділ қазының төрелігіне екеуі де риза болып,рақметтерін айтыпты. Тапсырма: -Автор Ы.Алтынсарин туралы қаншалықты мәліметке иесіңдер? — Балалар мәтін не туралы ? -Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойып,жауап беріңдер. -Киіз үй мен ағаш үйдің ортақ белгілері мен өзгешеліктерін атаңдар. -Қарамен жазылған сөздерден туынды сөздер жасаңдар Дискриптор Білім алушы 1.Автор туралы айтады. 2.Мәтін не туралы екенін айтып,мәтін мазмұны бойынша сұраққойып,жауап береді. 3.Киіз үй мен ағаш үйдің ортақ белгілерін атайды. 4.Қарамен жазылған сөздерден туынды сөздер жасайды. Қалыптастырушы бағалау Әр түрлі геометриялық фигуралар Дәптермен жұмыс «Көркем жаз»әдісі</p>	<p>Шаттық шеңбері</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>«Көркем жаз»әдісі Менің атам жайлауға Малың айдап шығыпты. Көк шалғынды қойнауға Киіз үйін тігіпті Тапсырма 1.Өлеңді көркем жаз. 2.Өлеңде не туралы айтылған? 3.Киіз үйдің қандай жабдықтарын білесің? Дискриптор Білім алушы 1.Өлеңді көркем етіп көшіріп жазады. 2. Өлең не туралы айтылғанын айтады. 3.Киіз үйдің жабдықтарын атайды. «Фигуралар талдауы» әдісі Тапсырма: — Жазық және кеңістік фигураларды ажырата аласыңдар ма? — Негізгі, туынды зат есім,сын есім,етістікті анықтай аласыңдар ма? -Туынды сөздерді сөз құрамында талдай аласыңдар ма? Дискриптор Білім алушы 1.Жазық және кеңістік фигураларын ажырата алды. 2.Негізгі түбір сөздерден туынды зат есім,сын есім,етістік жасай алды. 3.Жасаған туынды сөздерін сөз құрамында талдай алды. Қалыптастырушы бағалау Мақтау мадақтау арқылы</p>	
<p>Саралау Сабақтың соңы</p>	<p>Кері байланыс «Біріккен озады» әдісі Үй тапсырмасы: 33-жаттығу</p>	
<p>Саралау-оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз . Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау- оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік, техникасыныңсақталуы</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлаңыз)?

1.

2.

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлаңыз)?

1.

2.

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.